



# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№9 10 маусым 2019 жыл дүйсенбі



№9 10 маусым 2019 жыл

# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



## БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

- 4 маусым – ҚР Мемлекеттік рәміздер күні **1**
- Жас мамандар мектебі **2**
- Орыс тілі пәнінен олимпиада **3**
- Ұлттық тестілеу **4**
- Облыстық колледжаралық қазақ тілінен пәндік олимпиада **5**
- Ашық сабақ **6**
- Үйірме жұмысының қорытынды есебі **7**
- «Кәсібі бойынша үздік мейіргер 2019» **8**
- Ашық есік күні **9**
- Симуляция орталығында **10**
- Кездесу **11**
- Халықаралық отбасы күні **12**
- Құқық бұзушылықтың алдын алу **13**
- Құттықтаулар **14**



4.06.2019 ж. «Бала еңбегін қанауға қарсы 12 күн атты іс-шаралар жоспарына сәйкес» ҚБАЗ менгерушісі Р. Усенов, колледж колледж инспекторы, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның УПИ аға инспектор, полиция капитаны Жақсығұлов Арслан Нурланұлы, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның УПИ полиция капитаны Сейтбеков Бауыржан Жолдасұлы, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның УПИ полиция аға лейтенанты Жігітбаев Маулен және колледж оқытушыларының қатысуымен «Түнгі қаладағы балалар» атты рейдтік іс-шара ұйымдастырылды. Рейд барысында құқық бұзушылықтар анықталған жоқ.

басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» ұйымдастырылған «Ерікті жастар: ар – ұждан дауысы» байқауына колледждің «От сердца к сердцу» волонтерлер тобы қатысып, үздік өнер көрсеткені үшін ІІ дәрежелі Дипломмен марапатталды.



«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының ұйымдастыруымен, Облыстық «Үйлену оңай – үй болу қиын» тақырыбында дөңгелек үстел жұмысына белсене қатысқаны үшін Л.К.Мейрманова сертификатпен марапатталса,

А.Н.Оскенбаева «Үйлену оңай – үй болу қиын» тақырыбында дөңгелек үстелде, «Тәрбиенің алтын діңгегі – отбасы» тақырыбында тренинг өткізіп, ынтымақтастық танытып, жоғары деңгейде өтуіне үлес қосқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.

## Құттықтаймыз!

14



21-22.05.2019ж. Нұр – Сұлтан қаласында Білім және адами ресурстар департаментінің, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің ұйымдастыруымен «Передовой опыт медицинских организаций образования в подготовке медицинских сестер» тақырыбындағы семинарда «Лидерства в сестринском деле» аймағын қорғап, колледж жартылай финалға өтіп, оқу – тәрбие ісінің орынбасары Л.Т.Қуанышбекова финал қорытындысы бойынша Сертификатқа ие болды.



Қазақстан Республикасының денсаулық министрлігі Шымкент қаласының «жоғары медицина колледжі» ұйымдастыруымен Қазақстандағы Жастар жылына арналған «Студенттердің кәсіби қызыреттілігін қалыптастырудағы үйірме жұмысының орны» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясына студенттеріңіз бен оқытушыларыңыздың белсенді қатысқаны үшін Шымкент қаласының «жоғары медицина колледжі» директоры С.Пакеев ұжымға зор денсаулық, кәсіби табыс және бәсекеге қабілетті мамандарды дайындауда жемісті еңбек тілеп, Жамбыл жоғарғы медициналық колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова Алғыс хатпен марапаттады.



Қазақстан Республикасының денсаулық министрлігі Шымкент қаласының «жоғары медицина колледжі» ұйымдастыруымен Қазақстандағы Жастар жылына арналған «Студенттердің кәсіби қызыреттілігін қалыптастырудағы үйірме жұмысының орны» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясына қатысқаны үшін «Фармация» бөлімінің 222 топ студенті М.М.Зулуфова, жетекшісі Р.Т.Нурбаева, «Фармация» бөлімінің 223 топ студенті Ж.Б.Әділова жетекшісі С.Ш.Куппанова Сертификатқа ие болды.



23 – 24.05.2019ж. Нұр – Сұлтан қаласы, «Назарбаев университетінде» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің ұйымдастыруымен «Развитие сестринского дела в Казахстане через укрепление межинституционального сотрудничества» тақырыбында халықаралық конференцияға колледждің оқу – тәрбие ісінің орынбасары Л.Т.Қуанышбекова қатысып, Сертификатқа ие болды.



Облысымыздың белсенді жастарын қолдау, жас буынның бойында Отансүйгіштікті қалыптастыру және волонтерлік қызметті дамыту мақсатында Жамбыл облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниетқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғарғы медициналық колледжі.  
Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

Колледж сайты: <http://mc.zhambyl.kz>

Колледж әлеуметтік желілері: <https://www.facebook.com/pzhmk> [https://www.instagram.com/zhmk\\_zhambyl.kz](https://www.instagram.com/zhmk_zhambyl.kz)



# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№9 10 маусым 2019 жыл дүйсенбі

# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



№9 10 маусым 2019 жыл дүйсенбі

## 4 маусым – ҚР Мемлекеттік рәміздер күні 1



4.06.2019 ж. Колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова, ҚБАЗ меңгерушісі Р. Усеновтың, колледж оқытушылары және студенттерінің қатысуымен 4 маусым – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздер күніне орай, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні орындалды.



4.06.2019ж. №1 Жалпы білім беру пәндер және жаратылыстану пәндері ЦӘК оқытушысы Токсанбаева Д.Н. ұйымдастыруымен «Емдеу ісі» бөлімінің 221 топ студенттерімен 4 маусым-

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күніне орай «Государственные символы – национальная гордость Казахстана» тақырыбында колледжішілік тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты: Елтаңба, Ту, Әнұран туралы түсініктерін нығайту. Рәміздердің пайда болуы және тарихтағы маңызы жайлы түсініктерді дамыту, Отансүйгішке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге тәрбиелеу.

## Жас мамандар мектебінің отырысы 2



29.05. 2019 ж. Жас мамандар мектебінің «Ұстаздық еткен жалықпас» атты қорытынды есеп беру кеші өтті. Кештің мақсаты: Жас ұстаздардың біліктілігін, жан-жақты өз кәсібінің шебері екендігін сынау арқылы, оларды іскерлікке, мәдениеттілікке, өз кәсібіне үлкен жауапкершілікпен карауға бар күш жігерін жұмсауға баулу және белсенділігін арттыру, оларды қолдау және ынталандыру және жас мамандар мектебінің жылдық жұмыс қорытындысын шығару.

Қорытынды кешті «Әдістемелік мектеп» жетекшісі колледж әдіскері Л.К.Батаева жүргізді. Әдіскер кештің жүргізілу әдісіне тоқталды: іскерлік ойын, миға шабуыл, топтық шешім қабылдау, тренингтер, жеке кеңес беру, өз тәжірибесімен бөлісу, сұрақ-жауап. Кешті әдістемелік кабинет меңгерушісі Ж.Б.Иманбекова ашып, жас мамандарға сәттілік тіледі. Кеш тамаша ойынмен басталды, жас мамандар топпен жарыс түрінде 2-тапсырма орындады, белгілі тақырыпқа сабақ

жоспарын жазу және «Жедел сұрақтарға жауап беру» кезеңі бойынша жекелеген мамандықтар негізінде сұрақ-жауап арқылы қатысушының білім деңгейін, кәсіптік біліктілігін, ой-өрісін тексеру мақсатында жүргізілді. Колледж әдіскері Л.К.Батаева оқу жылында әдістемелік мектептің атқарған жұмыстары жайлы есеп берді. III-кезең жоғары топқа өтетін ішкі аурулар пәні оқытушысы А.К.Баєтова, жұқпалы аурулар пәні оқытушысы М.К.Жасұзақ, мейірбике ісі негіздері пәндері оқытушылары Р.Д.Мухажанова, А.С.Оңғарбаева, биология пәні оқытушысы Л.А.Артыкованың есебі тыңдалды. Олар өздерінің жұмыстарын әдістемелік көрмеге қойып, осы уақытқа дейін жеткен жетістіктерін әріптестерімен бөлісті. Кездескен қиындықтарды жеңу жолдарын, әдістемелік кабинеттің, тәлімгерлерінің көрсеткен көмегіне ризашылықтарын білдірді. Жас маманға үздік әдістемелік көмек көрсетудегі еңбектерін бағалап тәлімгерлер, А.Б.Айдралиева, Ж.А.Токташева, А.К.Серкебаева, Г.Ж.Иманалиева, Г.Н. Джантохова, А.Н. Өскенбаеваны, өз іс-тәжірибесімен бөліскен тәрбие ісі меңгерушісі Л.К.Мейірманованы Алғыс хатпен марапатталды. Кеш «Ұстазым» әнімен аяқталды.

## Орыс тілі пәнінен олимпиада 3



6.06.2019ж. №1 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен I курс студенттер арасында «Знаюки русской грамматики» тақырыбында колледжішілік орыс тілі пәнінен олимпиада өтті.

Олимпиада мақсаты: Студенттердің орыс тілі пәні бойынша білім мен білік деңгейін қалыптасқан таным түсінік, интеллектуалдық, логикалық ойлау шеберліктерін шыңдау, білім беру жүйесін жетілдіру тұрғысындағы кәсіби- шығармашылық, белсенділік қатынасын қалыптастыру. Олимпиада нәтижесі бойынша: I орын – «Мейіргер ісі» 107 топ студенті Мусабек Д. II орын – «Мейіргер ісі» 106 топ студенті Нұрболат Г III орын – «Емдеу ісі» 111 топ студенті Тоққанова А ие болды. Қалған студенттерге Алғыс хатпен, сыйлықтармен марапатталды.

## Ұлттық тестілеу 4



03.06 -5.06.2019ж. Колледж бітірушілердің білім сапасын тексеру мақсатында «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығы» тест өткізді.

## Халықаралық отбасы күні 12



15.05.2019 ж. Колледж кітапханасында 15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай «Өнеге отбасынан басталады» тақырыбында іс-шара өткізілді. Аталмыш іс-шарада студенттерге отбасы туралы мақал-мәтелдер, отбасының құндылықтарын насихаттайтын видеоролик көрсетілді. Қатысқандар: Н.Бегалиева, М.Ералиева, К.Маликаждарова және 102 топ студенттері.



15.05.2019 ж. Колледжде 15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай «Сіз отбасы туралы мақал-мәтел білесіз бе?» атты жастар акциясы өткізілді. Іс-шара барысында қала тұрғындарынан отбасына байланысты мақал-мәтелдер айтуларын өтініп, сыйлықтар таратылды. Жауаптылар: Н Абдрахманова және Д.Уркимбаева



15.05.2019 ж. Колледж спорт алаңында 15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай ұйымдастырылған салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша «Әкем, анам және мен» атты отбасылық эстафета жарысы өткізілді. Іс-шара қорытындысы бойынша: Бас жүлде «Қыран», I орын «Болашак», II орын «Тұлпар», III орын «Алау» тобы иеленіп, арнайы дипломдар және сыйлықтармен марапатталды.



15.05.2019 ж. Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен «Рухани дамыту» орталығында 15 мамыр – Халықаралық отбасы күніне орай ұйымдастырылған «Отбасы-аялы алақан мекені» атты балалары жетістіктерге жеткен колледждің оқытушылары Фирсенко Елена Лазеревна, Шужеева Жанар Лепесовна, Тілеген Бейсекул Сапиевна сынды құрметті колледж оқытушыларымен кездесу өткізілді. Мақсаты: Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіре отырып, балалардың бүгінгі күнде жеткен жетістіктері мен отбасы құндылықтары туралы насихаттау.

## Құқық бұзушылықтың алдын алу 13



21.05.2019 ж. Колледж инспекторы, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның УПИ полиция капитаны Жақсығұлов Арслан Нурланұлы «Соңғы қоңырау кезінде орын алатын құқық бұзушылықтар» тақырыбында колледж студенттерімен кездесіп, дәріс оқып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



23.05.2019 ж. ҚБАЗ меңгерушісі Р. Усеновтың ұйымдастыруымен, Жамбыл облысы ТЖД жедел құтқару жасағы ММ-нің мамандары Ш. Кенжегулов пен А. Кумекбаевалар 102, 103,104, 105 топ студенттерімен кездесіп, «Судағы қауіпсіздік шаралары» тақырыбында және колледж инспекторы, Тараз қаласы ПБ ЖПҚ-ның УПИ полиция капитаны Жақсығұлов Арслан Нурланұлы «Соңғы қоңырау кезінде орын алатын құқық бұзушылықтар» және ҚР ӘҚБтК-нің бірқатар баптарымен таныстырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Іс-шараға 98 студент қамтылды.



27.05.2019 жылы Тараз қаласы ПБ ӘЗЗҚТ инспекторы, полиция аға лейтенанты О. Жадраев «Зорлық-зомбылық, отбасы жанжалының алдын алу», «Ерте жүктілік» тақырыптарында колледж студенттерімен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.



28.-31.05.2019 ж. ҚБАЗ меңгерушісі Р.Б. Усеновтың ұйымдастыруымен, Жамбыл облысы ТЖД жедел құтқару жасағы ММ-нің мамандары Ш.Ж. Кенжегулов, А. Кумекбаева және В.М. Рустемовтер 101, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112 топ студенттерімен кездесіп, «Судағы қауіпсіздік шаралары» тақырыбында колледж студенттеріне түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Іс-шараға 223 студент қамтылды.



# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№9 10 маусым 2019 жыл дүйсенбі

## Облыстық колледжаралық қазақ тілінен пәндік олимпиада

5



22.05.2019 ж. № 2 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен «Жастық жігер – жарқын болашақ» атты өзге ұлт өкілдері арасында облыстық колледжаралық қазақ

тілінен пәндік олимпиадасы өтті. Олимпиаданың мақсатты: 2019 жыл – Жастар жылын қолдау, насихаттау, мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту, қазақ халқының мәдени, әдеби және рухани қазыналарын кеңінен насихаттау, қазақстанның әрбір өзге ұлт өкілдерінің бойында жалпы ұлттық патриотизмді қалыптастыру, студенттердің шығармашылық, ізденушілік қабілеттерін, мәдени дүниетанымын дамыту. Олимпиадаға төрелік еткен әділ-қазылар: Ж.К. Матжанова – Облыстық тілдерді дамыту басқармасының тілдерді дамыту бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушы. М.Зиябекқызы – Ш.Уәлиханов атындағы облыстық кітапханасының директорының орынбасары. А.Н.Махамбетова – Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің бас маманы. Олимпиада нәтижесі бойынша I дәрежелі Дипломмен Арипжанова Диера – Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжі, II дәрежелі Дипломмен Бабаевская Анастасия – Жаңатас көпсалалы колледжі, II дәрежелі Дипломмен Телипко Руслан – Жамбыл политехникалық жоғары колледжі иеленді. Мустафаева Айшан – Қаратау құрылыс-техникалық колледжі, Досмухамедова Карина – №16 Жуалы колледжі, Вердиева Ругая – Жамбыл медициналық колледжі, Шаушова Сурия – Жамбыл индустриалды – технологиялық колледжі Алғыс хатпен марапатталды. Барлық қатысушыларға сыйлықтар берілді.

## Ашық сабақ

6



21.05.2019 ж. Биология пәнінің оқытушысы Бекмурзаева Д. А. «Емдеу ісі» 102 топ студенттерімен «Адамның шығу тегі туралы алғашқы көзқарастар. Ертедегі және осы заманғы алғашқы адамдар» тақырыпта ашық сабақ өткізді. Сабақтың

мақсатты: жануарлар дүниесі жүйесіндегі адамның орны, адамның жануарлардан шыққандығының дәлелдемелері туралы толық мағлұмат бере отырып, табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы, зерттеген ғалымдар туралы толық мағлұмат беру. Ашық сабақ мақсатына жетті.

## Үйірме жұмысының қорытынды ғылыми –тәжірибелік конференциясы

7



28.05.2019 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің үйірме жұмыстары бойынша «Тұрғындардың денсаулығын сақтау-қоғамдық денсаулықты нығайтудың негізі»

тақырыбында қорытынды ғылыми –тәжірибелік конференциясы өтті. Пәндер бойынша 19 үйірме қатысты. Үйірме мүшелері дайындаған экспонаттарын, зерттеу жұмыстарын, қолданған әдістерін шеберлікпен мәлімдеме жасап, қорғап шықты. Конференцияға үйірме жетекшілері мен үйірме мүшелері үлкен дайындықпен келіп, зерттеу жобалары өзекті мәселелерді қамтыған. Сараптама комиссиясының қорытындысы бойынша үздік зерттеу жұмыстары дипломдармен марапатталды.

I дәрежелі диплом – «Адал жандар» үйірме мүшесі Сүйінбекұлы Кәрім 302 топ, «Мейіргер ісі» бөлімі жетекшісі Байбулекова А.К.

II дәрежелі диплом - «Авиценна» үйірме мүшесі Серікұлы Н. 212 топ, «Емдеу ісі» бөлімі, жетекшісі Бопеева А.А.

II дәрежелі диплом - «Галилео» үйірме мүшесі Ортай А. 202 топ, «Мейіргер ісі» бөлімі, жетекшісі Құдайбергенова А.К.

III дәрежелі диплом - «Ізденуші биолог» үйірме мүшесі Темірболат Н. 216 топ, «Емдеу ісі» бөлімі, жетекшісі Еркебаева А.Е.

III дәрежелі диплом - «Занимательная грамматика» үйірме мүшесі Ергара Сания 111 топ, «Емдеу ісі» бөлімі, жетекшісі Бердалиева Э.Б.

«Рефлекс» жетекшісі Таңат Г.Б., «Балауса» жетекшісі Жусипова Д.Е., «English in action» жетекшісі Шарипова Ж.Ш., «Алтын құрсақ» жетекшісі Әріпбай А.Б., «Алтын стетоскоп» жетекшісі Зиябекова Д.А. үйірмелері мақтау қағазымен марапатталды.

«Юный химик» жетекшісі Мальцева К.А., «Флора» жетекшісі Нурбаева Р.Т., «Жас эколог» жетекшісі Кобегенова А.Т., «Скальпель» жетекшісі Даулетов А.М., «Аялы алақан» жетекшісі Джантасова Р.О. үйірмелері алғыс хаттармен марапатталды. Үйірме жұмысын жандандыруға үлесін қосқан жетекшілер: Даулетов А.М., Нурбаева Р.Т., Джантасова Р.О., Еркебаева А.Е., Тоқсанбаева Д.Н., Куппанова С.Ш. алғыс хаттармен марапатталды.



# КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

№9 10 маусым 2019 жыл дүйсенбі

## «Кәсібі бойынша үздік мейіргер 2019» 8



30.05. 2019 ж. «Жамбыл жоғары медициналық колледжі», «Қазақстандық денсаулық сақтау қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің Жамбыл

облыстық филиалы, «SENIM» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы РҚБ Жамбыл облыстық филиалының ұйымдастыруымен «Кәсібі бойынша үздік мейіргер 2019» аймақтық байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты: медицина қызметкерлерінің беделін және кәсіби құзыреттілігін арттыру, сапалы медициналық көмектің қолжетімділігін жоғарылату, денсаулық сақтау саласындағы менеджментті жақсарту, еліміздің тұрақты әлеуметтік-экономикалық жағдайын қамтамасыз ету үшін азаматтарымыздың денсаулығын жақсарту және өмір сүру ұзақтылығын жоғарылату. Байқауға 7 медициналық ұйымының мейіргерлері қатысты. Байқау 4 кезеңнен тұрды: 1 кезең – тестілеу, 2 кезең – тәжірибелік дағдыларын бағалау аймақтық симуляциялық орталықта жүргізілді, 3 кезең – сайыскерлердің құжаттарын тексеру, 4 кезең – сайыскерлердің шығармашылық потенциалын бағалау. Барлық сайыскерлер теориялық және тәжірибелік дайындықтарын көрсете білді.

Сайыс қорытындысы бойынша:

1 орынды – №2 қалалық емхананың мейіргері А.Е. Аманбаева, 2 орынды – облыстық қан орталығының мейіргері Л.С. Досанбаева, 3 орынды – №5 қалалық емхана мейіргері Э.Р. Бадыгжанова мен Жамбыл аудандық ауруханасының мейіргері А.А. Нажмадинова иеленді.

## Ашық есік күні 9



16.05.2019 ж. 15 – мамыр «Халықаралық Отбасы» күніне орай «Ашық есік күні» ұйымдастырылды. Ашық есік күніне колледждің директоры Ж.Н.Сарыбекова, тәрбие бөлімінің меңгерушісі

Л.К.Мейрманова, ҚБЖ меңгерушісі Р.Б. Усенов, колледж психологы А.Н.Оскенбаева, колледж заңгері Т.Н.Нышанбеков студенттерді түрлі ұсыныс – тілектерімен, шағымдарымен қабылдап, жастармен етене араласып, оларды мазалап жүрген түрлі мәселелермен бөлісті.

## Симуляция орталығында 10



29.04. – 04.05.2019 ж. Колледждің аймақтық симуляциялық орталығында ҚР ішкі істер министрлігі төтенше жағдайлар комитеті «Жамбыл облысы төтенше жағдайлар департаментінің (Тараз қаласы) жедел құтқару жасағы»

мемлекеттік мекемесіне 8 құтқарушы «Алғашқы медициналық көмек көрсету (парамедиктер үшін)» тақырыбында біліктілігін арттырды. «Жүрек – өкпе реанимациясы», «Сыртқы қан кетуде жедел көмек көрсету», «Жарақаттарда жедел көмек көрсету», «Жараны алғашқы өңдеу және таңғыш салу» станцияларында жаттықты.

## Кездесу 11



20.05.2019 ж. «Қазақстан Республикасының Президентілігіне кандидатты қолдау» аясында Жамбыл облыстық қоғамдық штабы және Тараз қалалық штаб мүшелері кандидат Қасым-Жомарт

Тоқаевтың сайлау алды бағдарламасын түсіндіру бойынша Жамбыл медициналық колледжінің студенттерімен кездесу өткізілді. Жиынға қоғам қайраткері экс-сенатор А.Савченко, «Нұр Отан» партиясы ЖОФ төрағасының бірінші орынбасары Е.Манжуов, Тараз қалалық қоғамдық штабының төрағасы Ж.Оспанов, сенімді өкілі И.Дастан, Жамбыл жоғары медициналық колледжінің директоры Ж.Сарыбекова қатысты. Аталмыш іс-шарада сапалы және қолжетімді білім беру, тұрғын-үй алу мүмкіндігі, жастарға әлеуметтік қолдау, жұмысқа орналасу кепілдігі туралы басымдылықтарға тоқталып кетті.

29.05.2019 ж. Тәрбие жұмысының меңгерушісі: Л.К.Мейрманова, тренер практик-психолог А.А.Жаманкулова, медпункт фельдшері – Н.Д.Сейдалиева, колледж психологы А.Н.Оскенбаеваның қатысуымен «Болашаққа камқорлық» тақырыбына колледж қыздары арасында жиналыс өтті. Жиналыс барысында медпункт фельдшері Н.Д. Сейдалиева қыздардың тән тазалығы мен жан тазалығы, жеке гигиена, ерте жүктіліктің зияны туралы айтылды. Жиналыс соңында студенттер тақырып бойынша, түрлі сұрақтар қойып, әр қыз бала өз пікірін ортаға салып, өз ойларымен бөлісті.